

АҚ “Астана Медицина Университеті”

Кафедра: Хирургия

Орындаған: Меркебаева.Ж.А

Мұханбет Н. 413 топ

Қабылдаған: Нуртазинова Г.С

Тақырыбы:

**Шти үшбұрышының
анатомиялық сипаттамасы**

Жоспар:

I. Кіріспе

1. Пти үшбұрышына жалпы сипаттама;

II Негізгі бөлім

1. Пти үшбұрышының анатомиялық сипаттамасы;
2. Пти үшбұрышының құрамы;

III Қортынды


IV Қолданылған әдебиеттер тізімі

Пти үшбұрышының анатомиялық сипаттамасы

Пти үшбұрышы (белдік үшбұрыш, петитов үшбұрышы, лат. *trigonum lumbale*):

- жоғарыдан және медиальді арқаның жалпақ бұлшықетінің (*m. latissimus dorsi*) сіңірлі шоғырымен;
- сол жағынан және латеральді іштің сыртқы қиғаш бұлшықетінің (*m. obliquus abdominis externus*) сыртқы жиегімен;
- төменнен мықын сүйегінің төмпешігімен, түбінен іштің ішкі қиғаш бұлшық етімен (*m. obliquus abdominis internus*) шектелген.

Пти үшбұрышының анатомиялық сипаттамасы




Пти үшбұрышының құрамы

1. *Арқаның жалпақ бұлшық еті* (M. latissimus dorsi) - арқаның бүкіл төменгі бөлігін алып жататын беткей бұлшық ет.

Ол:

- сегізкөздің артқы беткейінен;
- мықын сүйегінің төмпешігінен;
- төменгі алты кеуде омыртқасынан;
- төменгі 3-4 қабарғадан;
- бел омыртқаларының қырқа тәрізді өсіндісінен басталып тоқпан жіліктің кіші төмпешігінің қырқасына (crista tuberculi minoris humeri) жабысады. Оның бұлшық етті бумалары (пучок) төменнен жоғарыға және артынан алға қарай жүреді.

Арқаның жалпақ бұлшық етінің анатомиялық орналасуы



1. тоқпан жілік, humerus
2. арқаның жалпақ бұлшық еті, м. latissimus dorsi
3. мықын сүйегінің төмпешігі, crista iliaca (os coxae)
4. сегізкөздің ортаңғы төмпешігі, crista sacralis mediana
5. жауырының төменгі бұрышы, angulus inferior scapulae
6. кеуде омыртқасы, vertebrae thoracicae


Арқаның жалпақ бұлшық еті бел аймағында белкеуде фасциясымен жалғасқан өте үлкен апоневроз құрайды. Жоғарғы шоғыры латеральді, ал төменгі шоғыры жоғары және латеральді жүріп тісше тәрізді қосымша 3-4 бума құрайды. Ол жауырынның төменгі бұрышын және үлкен дөңгелек бұлшық етті жауып, қолтық асты қуыстың артқы қабырғасын түзеді.

Қанмен қамтамасыз етілуі: көлденең мойын артериясы, жауырын үсті артериясы , төменгі қабырғааралық артериялыр;

Иннервациясы: кеудеарқалық (грудоспинной) нерв (С6 - С8)


Қызматі: иықты кеудеге әкеледі және жоғарғы бөлікті артқа ортаңғы сызыққа қарай тартады және ішке қарай айналдырады — пронация.

Арқаның беткей бұлшық еттері



2. **Іштің сыртқы қиғаш бұлшық еті** (*M. obliquus externus abdominis*)- бұлшықетті шоғырларды алдыңғы тісшелі бұлшықетпен алмастыра отырып, бел-кеуде фасциясынан және соңғы сегіз қабырғадан басталады. Іштің сыртқы қиғаш бұлшықетінің бұлшықетті шоғырлары мықын сүйегінің алдыңғы $\frac{1}{2}$ бөлігіне жабысып жоғарыдан төменге және артанан алдына қарай жүреді. Арқаның жалпақ бұлшықетінің алдыңғы жиегі бұған тығыз жанаспағандықтан, мықын сүйегінің артқы $\frac{1}{3}$ бөлігінде үшбұрыш тәрізді қуыс немесе төменгі бел үшбұрышы (лат. *trigonum lumbale inferius*, Петитов үшбұрышы немесе Пти үшбұрышы) қалыптасады.

Іштің сыртқы қиғаш бұлшық етінің анатомиялық орналасуы



I- Іштің сыртқы қиғаш бұлшық еті *m.obliquus externus abdominis*.


1. ақ сызық, *linea alba*.

2. мықын сүйегінің төмпешігі, *crista iliaca*.

3. V-XII қабырға, *costae V-XII*.

3. Пти үшбұрышының түбін екінші бұлшықеттік қабатта орналасқан іштің ішкі қиғаш бұлшықеті қалыптастырады. Бұл жерде бел үшбұрышының бір бұлшықетінің болмауына байланысты бел аймағының « әлсіз жері» болып табылады. Сондықтан бұл жерде бел жарықтары және құрсақ арты клечаткасынан іріңдіктер шығуы мүмкін.

Іштің ішкі қиғаш бұлшықеті



Қорытынды

Қорыта келе Пти үшбұрышы дегеніміз - бел аймағында орналасқан, құрамында арқаның жалпақ бұлшықеті, іштің ішкі қиғаш бұлшықеті, іштің сыртқы қиғаш бұлшық еті, мықын сүйегінің төмпешігі бар анатомиялық құрылым болып табылады. Бұл үшбұрыштың түбінде « әлсіз жері» болады. Осы жерден бел жарықтары және құрсақ арты клечаткасынан іріндіктер шығуы мүмкін. Сондықтан Пти үшбұрышының түбінің әлсіздігін клиникада есте ұстау керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Б Аубакиров, М.К Жаналиева “ Адам анатомиясы” Астана,2008ж;
2. А.Б Аубакиров, М.К Жаналиева “Адам анатомиясы, Атлас”, Астана,2005ж;
3. А.Қ Рақышов, “ Адам анатомиясы” I том
4. Интернет;